

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Яворская Л.И.



2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТЕРІНІҢ
ХАТТАМАЛАРЫ

Шымкент 2024ж

№1 өндірістік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 5

18.09.2023ж.

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары
2. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту және балабақша қызметкерлеріне еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізу.
3. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар.
4. Балабақша топтарының жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы
5. Әртүрлі мәселер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Өндірістік кеңесімізге қош келдіңіздер. Бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары» тақырыбына келер болсақ, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жазылып және соған байланысты жұмыстар жасалды. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
 - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;
 - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру болып табылды.
- Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісіне жарияланды.

Сонымен қатар, жаз уақытында мектепалды даярлық екі топтың балалары балабақшамен қоштасып, мектепке шығарып салдық, орнына екі ортаңғы топ ашып отырмыз. Жаз уақытында оннан аса баланың ата-анасы жазғы уақытқа демалыс (отпуск) алды, олардың өтініштері гарден программасына ілдік,- деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша «2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту және балабақша қызметкерлеріне еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізу» бойынша меңгеруші сөз алды:

- 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа тәрбиелеу, сондай-ақ мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұрғылық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға айта кетейін, әрбір тәрбиешіден жыл бойына білімін жетілдіру мақсатында, өз еркімен әртүрлі

...образование) тақырыптар тандап, тапсырды. Сонымен қатар, оқу жылында 3 ~~оқу~~ тренинг жоспарланып отыр, педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер ~~және~~ кеңестер пунктiнiң жоспары жасалды. Мынадай тақырыпта кеңестер берiлмек: «**Баланың** балабақшаға бейiмделуi», «Кiтап бұрышын пайдаланып, балалардың ~~статка~~ деген қызығушылығын арттыру» т.б. Балалардың салауатты өмiр салтын ұйымдастыру мақсатында iс-шаралар тақырыптары тандалды, музыка жетекшiсiмен бiрлесiп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелерi ұйымдастырылуда. Мысалы: «Сикырлы ойындар», «Мықты болып өсуiмiз үшiн», «Бiз спортшыл балақай!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру апталықтары, сонымен қатар «Көңiлдi старт», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Мен спортты сүйемiн» тақырыбында дене шынықтыру сауық кештерi жоспарлануда. Ал музыка жетекшiсiмен бiрге «Қысқы қызықтар» мен «Бiз мықты боламыз» тақырыбында дене шынықтыру мерекелерi ұйымдастырылуда,- деп толық айтып өттi.

Ал, балабақша қызметкерлерiне еңбектi қорғау, қауiпсiздiк техникасы бойынша нұсқаулықтар өткiзу туралы айтар болсам, жұмыс орнындағы еңбектi қорғау және қауiпсiздiк бойынша мәселелерге ерекше назар бөлiнедi. Аталған сұрақ бойынша барлық шаралар қауiпсiздiктi қамтамасыз етуге, жұмыскерлердiң денсаулығы мен өмiрiн сақтауға бағытталған. Қауiпсiздiк және еңбектi қорғау саласында мониторинг жүргiзiледi. Еңбек шарттарын жақсартуға, қауiпсiз технологияларды енгiзуге, жеке қорғанысқа, өндiрiстегi жазатайым жағдайларды есепке алу тәртiбiн орнатуға, қауiпсiздiк және еңбектi қорғау саласында заңнама талаптарын сақтауға және т.б. бағытталған iшкi құжаттарды әзiрлеу және қабылдау жүргiзiлуде. Қауiпсiздiк және еңбектi қорғау саласындағы басты қағидалар мыналар деп толық тоқталып өттi.

Қызметкерлердiң еңбектi қорғау мәселесiнен қатысты бiздiң балабақшамызда Iшкi еңбек тәртiп ережесi жасалынды, барлық қызметкерлер №1 Педагогикалық кеңесте таныстырылып, бiр ауыздан қолдап, бекiтiлдi.

3. Үшiншi мәселе бойынша «Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар» бойынша сөз кезегiн медбике Г.Орын алды:

-Мектеп жасына дейiнгi баланың дұрыс тамақтануының негiзгi ережесi – күнделiктi азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрүмендерi бар: ет, балық, сүт және сүт өнiмдерiн, жұмыртқа, жемiс-жидектер мен көкөнiстер, кант және кондитерлiк бұйымдарды, нан, дәндi-дақылдар және т.б. азық-түлiктерiн күнделiктi тамақ үлесiне қосып отырған жағдайда баланың берiк денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлi инфекцияларға қарсы тұруын ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, iрiмшiктiң құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздар қамтамасыз етедi. Дұрыс тамақтану – өсiп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуiне жағдай жасап, үнемi әсерiн беретiн маңызды фактор. Тамақтану ережесiн ұйымдастырудың негiзi – ұсынылған азық-түлiктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетiн тағамдардың құрамы мектеп жасына дейiнгi балалардың физиологиялық қажеттiлiктерi мен калорийлiк құндылығын қамтамасыз етедi,- деп толық баяндамасын оқып шықты.

Төртінші мәселе бойынша «Балабақша топтарының жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы» сөз кезегін меңгеруші алды:

- Біздің балабақшамыз Тұран ауданы, Кіші Самал 1600 телімде орналасқан.

Балабақша аумағы 20 соттық жерді алады.

Гимаратта меңгеруші, әдіскер, мейірбике, кассир, шаруашылық меңгерушісіне арналған кабинеттер және топтарға арналған бөлмелер, музыкалық және кітапхана бұрышы бар.

Балабақшада асхана, қойма және шахмат ойынына арналған бөлмелер бар.

Ал, топ бөлмелерінде барлық жағдай жасалған, қазіргі заман талабына сай жиназдармен жабдыкталған және барлық топтарда ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әр топ бөлмесінің құрамы:

1. Қабылдау бөлмесі
2. Ойын бөлмесі
3. Асхана бөлмесі
4. Жататын бөлме.
5. Жуынатын бөлме және әжетхана.

Ойын бөлмелерінде балалардың танымдық дамуына арналған әртүрлі дамытушы ермек-ойыншықтар, қуыршақтардың түр түрлері, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, ұлттық аспаптар ойыншықтары, т.б. әр топта кітапхана бұрышы бар. Балаларға арналған сұлулық салоны, дәріхана, дүкенше ойын бұрыштары бар.

Балабақшада бір саз бөлмесі бар, онда әннен ұйымдастырылған оқу қызметі, би өнерінен дайындықтар, әртүрлі мерекелік іс-шаралар өткізіледі.

5. Әртүрлі мәселелер бойынша меңгеруші сөз алды:

- Р.Искандеров сізге тапсырмам бар. Жауқазын тобында есіктің құлпын ауыстыру қажет, есікті құлтау қиынға соғып отыр. Сонымен қатар Ромашка тобында балалар қолдарын жуатын краниген су ағып тұр. Соны жөндеу қажет.

- Сонымен қатар қыркүйек айынан бастап бізге мемлекет тарапынан 11 орын беріліп, бала саны 121 -ге жетті. Жаңадан «Мамонтенок» тобы ашылда, онда 4-5 жастағы балалар, яғни ересек тобы. Ол топтың тәрбиешісі Сыздыкова Акнұр, ал көмекшісі Айтымбетова Ақбикеш.

- Оқу жылында өтетін кеңестердің хаттамаларын толтыру үшін хатшы Орын Гүлнұрды хатшылық қызметке тағайындаймын,- деп сөзін аяқтады.

Меңгеруші:

Хатшы:

Яворская Л.И.

Орын Г.С.

Өндірістік кеңес №2

22.12.2023ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.
2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу

~~Балалар~~а консультация

3. 2023 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру
4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы медбикенің баяндамасы

5. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:
- Өндірістік кеңесіне қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «№1 «Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы» тақырыбында медбикеге сөз беріледі.

Сөз кезегін медбике Орын Гүлнұр алды:

- Балалар мекемелерінің асхана жұмыстарына ағымды санитарлық бақылау жүргізу жұмысы:

1. Келіп түскен тамақтардың сапасы мен олардың тасымалдануын бақылау;
2. Тағамдардың сақталу жағдайын бақылау;
3. Тағамдардың таратылу мерзімінің сақталуын бақылау;
4. Тағамдарды дайындау технологиясын бақылау;
5. Дайын тағамдардың сапасын бақылау;
6. Асхананың санитарлық, індетке қарсы жүргізілетін тәртібін және ыдыс-аяқтарды тазалау тәртібін бақылау;
7. Асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауын бақылау;
8. Тағам рационының құрамын бақылау жұмыстары күн сайын жүргізілуде.

Балалардың тамақтануының рационалды болуы, тамақтанудың тәртібін дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін. Ол үшін төменде көрсетілген шаралардың орындалуы қажет:

1. Тамақтану уақытын және уақыт аралықтарын катал сақтау;
2. Тамақ қабылдаудың физиологиялық рационалдылығы;
3. Жеке тамақтану уақыттарына сәйкес, тағамды мөлшері мен сапасына байланысты дұрыс бөлу;
4. Балалардың тамақтану жағдайы және тамақтану кезіндегі балалардың тәртібі.

Ал, медбике ас-мәзірін құрастырған кезде мынадай негізгі қағидаларды білуі керек:

1. Тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға

~~Ас~~ энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия ~~Ас~~ ұлғаятындықтан, тағам колориясын 10%-ға жоғарылату қажет;

2. Ас мәзірі балалар мекемелерінің қызметінің ұзақтығына байланысты 3-5 ретке есептелінеді;

3. Ас мәзірі әрбір типтегі балалар мен жасөспірімдер мекемелері үшін бекітілген негізгі тағамдардың түрлеріне байланысты жасалады. Ет пен балықтан жасалған тағамдарды таңертеңгі және түскі асқа ал, кешкі асқа сүт, көкөніс және жармадан жасалатын тағамдар ұсынылады. Рационның құрамында күнделікті міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы керек;

4. Ас мәзірі әр түрлі тағамдардан құралады. Бір күндегі тағамдардың түрлері қайталанбауы тиіс, - деп толық тоқталып өтті.

2. Өндірістік кеңестің екінші мәселесі «Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Саламатсыздар ма, жиналысқа жиналған кеңес мүшелері. Жаңа жылдық мерекесіне орай барлық топтардың өткізілу уақыттары бойынша кесте жасалынып, бекітілді. Музыкалық зал безендіріліп, іс шара өткізе беруге дайын болып тұр. Ал әр топтың тәрбиешілер мен балалары өз рөлдерін жаттап, билерін қайта қайта репетицияда көрсетіп, дайындық жүргізіп жатыр. Балалардың би билеуге және әр түрлі рөлдерді сомдау үшін меңгеруші тарапынан үлкен көмек көрсетіліп, киімдер тігіліп, балабақшаға әкелінді. Әр топтың тәрбиешілері әдістемелік кабинетке ертеңгіліктерінің сценариін тапсырды. Бірінші ертеңгілікті мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы 26 желтоқсан күні бастамақ. 27 желтоқсан күні ортаңғы «Лучик» және мектепалды «Ромашка» тобында, 28 желтоқсан күні ересек «Китенок» тобында, ал 29 желтоқсан күні ортаңғы «Динозаврики» және ересек «Мамонтенок» тобында өткізіледі, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «2023 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:

- Биылғы 2022-2023 оқу жылында түзілген кесте бойынша барлық қызметкерлер түгелімен ақылы еңбек демалысына барып келді. Ал енді осы 2023-2024 оқу жылына жаңа тізім жасалынып, тәрбиешілер -56 күнге, тәрбиеші көмекшілері – 30 күнге, әдіскер -42 күнге, медбике -42 күнге, тех.персонал – 24 күнге ақылы еңбек демалысына жіберіледі. Тізім жасалып, кеңестің хаттамасына қосымша тіркеледі.

4. Төртінші мәселе «Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы» медбике Г.Орынның баяндамасы.

- Қыс мезгілі келе сала балалар түрлі жұқпалы ауырулармен ауырып бастайды. Әр мезгілге балаларға және денсаулығына үлкен дайындық керек. Ол үшін ең алдымен иммундық жүйенің жұмысын жақсарту керек. Сондай бір жиі кездесетін ауырулардың бірі –Тұмау (ЖРВИ).

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен
жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген,
өкіріген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының
өсіп кетуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам
уақытша жарамсыз болып қалады,- деп толық айтып, әрбір балаларда
ауру түрлеріне тоқталып өтті.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.

- Кәзіргі таңда өршіп тұрған қызылша аурумен ауырған бала болды ма
балабақшада?-деп медбикеге сұрақтар қойылды.

- Кәзіргі таңға біздің балабақшада қызылша аурумен ауырған балалар
жоқ. Өйткені, балдарымыздың көпшілігі қызылша ауруына қарсы прививка
салдырған. Жаңадан келген балалардың ата-аналарынан 026 және 065 справканы
алып келегінде тексереміз, ал кім де кім қызылшаға қарсы прививка салдырмаса,
ескертеміз де, тездетіп салдыруға кеңес береміз.

- Кассир, Ольга Вадимировна, балалардың төлем ақылары қалай болып
жатыр? – деп Л.И.Яворская сұрақ қойды.

- Кәзіргі таңға барлық балалардың ата-аналары төлем ақыны әр айдын 10-
15 теріне төлеп жатыр және балабақшаға ауырып, емделіп келген балалардың ата-
аналары уақытылы ауырғандығы туралы анықтаманы әкеліп, бізге тапсырып
жатыр,- деп О.В.Федаренко сөзін аяқтады.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңестің шешімін шығарып, бітірейік,- деді
меңгеруші.

Шешім:

1. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасын
тексеру, бақылау күн сайын жүргізілсін.

2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу
бойынша консультация жалғасын тапсын.

3. 2023 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесі құрылып, бекітілсін.

4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары,
денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізілсін.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша айтылған тақырыптардың жұмысы
жалғастырылсын.



Яворская Л.И.

Орын Г.С.

Өндірістік кеңес №3

Қатысқандар: 5

05.04.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі.
2. Балалардың жарақат алуын болдырмау және оның алдын алу шаралары; емдеу, бала өмірін, денсаулығын қорғау туралы медбикенің баяндамасы
3. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы.
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:
 - №3 Өндірістік кеңеске қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есеп», - деп меңгеруші сөзін бастады. Оқу жылының басында біз қызметкерлерді балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережесі мен қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, ережелерді талқылап, бекіткен болатынбыз. Мұндаға мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері, Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, қызметкерлердің жұмыс уақыты мен бос уақыты туралы жазылған. «Лилия» балабақшасы қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже жазылған. Осы оқу жылында біздің балабақшаға жанадан бір тәрбиеші және бір медбике жұмысқа қалданған. Қабылданған қызметкерлерге де толығымен тәртіп ережелері түсіндірілді. Барлық қызметкерлер тәртіп ережелерін ұстанып, жұмыстар жүргізуде. Ешқандай тәртіп бұзу немесе ережені ұстанбаған жағдайлар орын алған жоқ. Ал техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша журналдарға қол қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Балалардың жарақат алуын болдырмау және оның алдын алу шаралары; емдеу, бала өмірін, денсаулығын қорғау» бойынша сөз кезегін медбике Орын Г.С. алды.

-Балалардағы жарақаттардың атуан түрлілігіне карамастан, оларды тудыратын себептер әртүрлі. Ең алдымен, бұл сыртқы ортаның жайсыздығы, немқұрайлылық, ересектердің қарамауы, күнделікті өмірде, көшеде, ойын кезінде, спортпен шұғылдану кезінде баланың ұқыпсыз, дұрыс емес әрекеті. Әрине, балалардың психологиялық ерекшеліктері, қызығушылығы, үлкен қозғалғыштығы, эмоционалдылығы, өмірлік тәжірибенің болмауы, демек, қауіп-қатер сезімінің болмауы жарақатқа ықпал етеді.

Ересектер ықтимал қауіптердің алдын алуға және балаларды олардан қорғауға міндетті.

Ата-аналардың жарақаттанудың алдын алу жөніндегі жұмысы 2 бағытта жүруі тиіс

1) жарақат алу қаупін жою;

2) балаларды жарақаттанудың алдын алу негіздеріне жүйелі оқыту. Балада қорқыныш пен қорқыныш сезімін дамытпау маңызды, керісінше, егер Сіз дұрыс әрекет етсеңіз, қауіптен аулақ болуға болатындығын үйрету керек. Балаларда жиі кездесетін жарақат – тұрмыстық. Балалардың үйде алатын жарақаттарының негізгі түрлері және олардың себептері ыстық плитадан, ыдыстан, тамақтан, қайнаған судан, будан, үтіктен, басқа да электр құралдарынан және ашық оттан күйік;

Құлау-бұл көгерудің, сүйектердің сынуының және бастың ауыр жарақаттарының жиі кездесетін себебі. Олардың алдын алуға болады, егер қауіпті жерде балаларға өрмелеуге рұқсат берілмеу; баспалдақтарға, терезелер мен балкондарға қоршаулар орнатыңыз.

Жазда ойын алаңдары, әсіресе әткеншектер қауіпті аймаққа айналады. Егер бала әткеншектен құлап кетсе, ол қосымша соққылардан аулақ болу үшін жерге қасында қауіпті темірлер болмау керек және жұмысақ төсеніш болғаны абзал, - деп баяндамасын толық оқып шықты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы» әдіскер У.Ахметова алды. Жазғы уақытта көп балаларымыз жызғы демалысқа шығып, ата ананың жауапкершілігінде болады. Жазғы уақытта ең қауіпті де, ата анаға білуі тиіс мәлімет ол «Балалардың жазғы демалыс кезіндегі су айдындарындағы қауіпсіздігі». Кәзір сіздерге қысқаша баяндама оқып берейін.

Бүгінгі таңда, Еліміздің су айдындарында жыл сайын бірнеше ондаған адамдар жазатайым оқиғаларға тап болады. Оның ішінде басым көпшілігін кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер құрайды.

Бұл ретте, мамандармен жүргізілген талдау жұмыстары барысында су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың басым көпшілігі «суға түсуге арнайы жабдықталмаған» су айдындарында орын алатындығы анықталған.

Қазіргі уақытта, біздің қаламызда 5 ресми орын бекітілген. Олар: Тоғыс су қоймасының «Холодильник» демалыс орны, Бадам су қоймасының «Рахат Бадам», Қошқар ата өзенінің бастауы және спорт туризмға арналған Дендрологиялық саябақтағы жасанды көл мен Нұрғажайып ЖШС қарасты «Жайлаукөл».

Суға шомылуға рұқсат етілмеген жерлерде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, тыйым салынған 13 орын белгіленген (*Шымкент қ. мәслихатының 20.05.2022ж. №16 143-VII шешімі*) және осы орындарға шомылуға тыйым салынған тақтайшалар қойылған. Ол орындар: Бадам, Сайрам су, Янги шек, Қарасу, Қошқар ата өзендері, Қайнарбұлақ жасанды көлі, Азат, Көкбұлақ, Сасық, Хауау және Шымкент магистральды каналдары.

Сендер, шомылу маусымы кезінде шомылуға тыйым салынған жоғарыда аталған 13 орында суға түсуден аулақ болуларың қажет.

Судағы қауіпсіздік ережелері:

- Суға абайлап кіріңіз. Дененіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз;

- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз;

- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз;

- Жүзуді білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз;

- Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз;

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар, т.б.- деп толық оқып шықты.

4. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Әр түрлі мәселелер бойынша, балабақшамызда төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2024 жылға арналған тақырыптық жоспарымен таныстырып өтейін, жоспарды бекітіп, дәріс және тәжірибе түрінде өткізуіміз қажет. Атап айтатын болсам, жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік, көктемгі су тасқынына қарсы іс-шаралар жаттығулары, өрт уақытындағы қауіпсіздік, қауіпсіз жаңа жыл, т.б. Осы аталған тақырыптарды әр айға бөліп, теориялық және тәжірибе түрінде балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілерге өткізуіміз қажет. Жаманын айтпай жақсысы жоқ дегендей, қауіпсіздік шараларды, апат жағдайында барлық қызметкерлер мен балалар қандай іс-әрекет жасай алулары керек екенін білуі керек. Сондықтан, жоспарды бекітіп, олардың орындалуын қадағалауды өзім бақылауда ұстаймын,- деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Сонымен қатар,- деп меңгеруші сөзін жалғастырды,- Алдағы уақытта елімізде болып жатқан су тасқыны туралы білетін шығарсыздар. Соған байланысты мектепалды даярлық тобына су тасқыны болған жағдайда судан қалай сақтануға болатын туралы түсінік беру сабағын өткізу жоспарлануда. Балаларға су тасқыны кезінде қандай іс әрекет жасау керектігі туралы және су тасқыны қандай жағдайда болатыны туралы түсінік беріледі. Сұрақтарыңыз болса қосаңыздар болады.

- Лилия Ивановна, біздің балабақшамызда антитероризм бұрышы орнатылған. Енді алдағы уақытта өрт қауіпсіздігі бойынша стенд бұрышын жасатсақ деген ұсынысым бар,- деп әдіскер У.О.Ахметова ұсынысын айтты.

- Ия, өте орынды ұсыныс. Бүгін стенд жасайтын кісілермен сөйлесіп, тапсырыс беріп, балабақша бұрышына іліп қоямыз,-деп сөзін жалғастырды. Сонымен қатар, балабақшамыздың еңбек демалысына шығу кестесіне орай қызметкерлер жай жаймен демалысқа шығып жатыр. Олардың барлығына еңбек демалысының ақшасы уақытылы төленуде. Әдіскер У.Ахметова сізге сұрақ, наурыз айында Білім басқармасы ұйымдастыруымен өткен балабақшаға берілетін бюджеттік орындар туралы конкурс болды. Сонда біздің балабақшамыз конкурстан өтіп, 4 орын алдық. Осы төрт орынға бала қабылдау басталды ма?

- Сөз бергеніңізге рақмет, Лилия Ивановна,- деп сөзін әдіскер У.О.Ахметова бастады. -Ия, біздің бақшаға 4 бюджеттік орын берілді. Алайда, гарден программасына балаларды қосуға әлі рұқсат берілмеді. Осы айдың ортасында орындарды ашуға рұқсат беріледі деп күтудеміз.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңесіміздің шешімін шығарып, аяқтайық,- деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Балабақша қызметкерлері ішкі еңбек тәртіп ережісі мен қауіпсіздік ережелерін жыл бойына орындасын.

2. Балалардың жарақат алуын болдырмау және оның алдын алу шаралары; ~~сидеу~~, бала өмірін, денсаулығын қорғау туралы шаралар жалғасын тапсын.

3. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы барлық тәрбиешілер мен балаларға түсінік берілсін.

4. Әр түрлі мәселелер бойынша

- Балабақшамызда төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2024 жылға арналған тақырыптық жоспары бекітіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;

- Өрт қауіпсіздігі бойынша стенд жасалынып, балабақша бұрышына ілінсін;

- Конкурс бойынша балаларды қабылдау жүргізілсін.

Менгеруші:

Хатшы:



Яворская Л.И.

Орын Г.С.